| | | Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.<br>***Ескерту:***<br>2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарын әзірлеу кезінде Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (оның ішінде төмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерін ескеру талап етіледі.<br>Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:<br>тілдерді кезең-кезеңмен оқыту аясында 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілетінін;<br>3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылатынын;<br>«Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылатынын ескеру қажет.<br>Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Қаулысын орындау шеңберінде ҚР Үкіметі бастамасымен оқу процесін цифрландыру аясында тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балалар үшін «Цифрлық ұстаз» жобасы іске асырылады.<br>Жоба тұрмысы төмен отбасылардан (бұдан әрі - ТТО) шыққан үлгерімі төмен 8-11-сынып білім алушыларына қосымша қашықтан сабақтар ұйымдастыруға, ұсынылған 6 негізгі пәннен (алгебра, геометрия, химия, физика, биология, Қазақстан тарихы) 2 таңдалған пән бойынша білімдегі олқылықтарды толықтыруға және бітіру емтихандарына дайындалуға көмек көрсетуге бағытталған.<br>Қосымша сабақтар негізгі пәндер бойынша білімдерінде олқылықтары, күрделі және көлемді тақырыптарды меңгеруде қиындықтары бар, ТТО-дан шыққан үлгерімі төмен білім алушылар үшін өткізіледі.<br>Қосымша сабақтар:<br>қолжетімді цифрлық платформаларда цифрлық білім беру ресурстарын және бейнесабақтарды қолдана отырып, қашықтан оқыту форматында өткізіледі;<br>әрбір пән бойынша сабақтарды өткізу үшін аптасына 2 сағат бөлінеді.<br>қосымша сабақтар бойынша апталық оқу жүктемесі таңдауға болатын 2 пән | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | бойынша аптасына 4 сағатты құрайды (ұзақтығы кемінде 1 сағат болатын екі сабақтан).<br>Үлгерімі төмен білім алушыларда қиындық туғызатын күрделі және көлемді тақырыптарды түсіндіру мақсатында айына 1 рет оффлайн форматта кеңес беру сабақтары өткізіледі.<br>**Жалпы білім беретін мектептің және ерекше білім беруді қажет ететін балалары бар сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:**<br>- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (№1 қосымша);<br>- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы.<br>- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы.<br>- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығы. Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, кәсіптік практика жүргізуге арналған үлгілік шарттың және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін дуальді оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы.<br>- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы.<br>- Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 12 шілдедегі № 178 бұйрығы. "Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы.<br>- 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрыққа сәйкес психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандары педагогтармен бірлесіп оқу жоспарына және оқу бағдарламасына жалпы білім беру бағдарламаларын бейімдеу түрінде өзгерістер | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | енгізеді немесе жеке оқу жоспары мен бағдарламасын жасайды.<br>Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі педагогтармен бірлесіп оқыту нысанын таңдауды, оқулықтар мен оқу құралдарын таңдауды жүзеге асырады, оқытудың вариативтік, арнайы немесе балама әдістерін пайдаланады.<br><br>**2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша тәрбие жұмыстарын ұйымдастыр**<br>**Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері**<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.**Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс**<br><br>**Тәрбие жұмысының мақсаты:**<br><br>• Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;<br>• Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | • Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;<br>• Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;<br>• Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау;<br>• Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.<br>**Тәрбие жұмысының міндеттері:**<br>**1.** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.<br>**2.** Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.<br>**3.** Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.<br>**4.** Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.<br>**5.** Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.<br>**6.** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.<br>**7.** Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.<br>**8.** Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.<br>**9.** Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.<br>**10.** Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:**<br>• Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;<br>• Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | • Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;<br><br>• Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;<br><br>• Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;<br><br>• Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;<br><br>• Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;<br><br>• Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.<br><br>• Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты − Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.<br><br>**Іске асыру тетіктері:**<br><br>• Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.<br><br>**Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**<br><br>➢ *«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы* https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;<br>➢ *Қазақстан Республикасының Конституциясы*https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;<br>➢ *«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV* ***https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;***<br>➢ *2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы*https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;<br>➢ *«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345*https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;<br>➢ *«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV*https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;<br>➢ *«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI*https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;<br>➢ *«Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319*https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319<br>➢ *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы*https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;<br>➢ *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері*https://nao.kz/<br>➢ *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1* | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері*https://nao.kz/.<br>Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – педагогикалық тәжірибеге білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлылықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.<br>**ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:**<br>**Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар** *(сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.)* ***және ұлттық құндылықтар*** – *(тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр)* **құрайды.**<br>1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;<br>2. Рухани-танымдық тәрбие;<br>3. Ұлттық тәрбие;<br>4. Отбасылық тәрбие;<br>5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;<br>6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;<br>7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;<br>8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>***Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:***<br>✓ *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздеріне –* ***30 жыл;***<br>✓ *Қазақстан РеспубликасыныңБҰҰ-ға кіруіне–* ***30 жыл;***<br>✓ *Ахмет Байтұрсыновтыңтуылғанына –* ***150 жыл****;*<br>✓ *Мәншүк Мәметованың туғанына –* ***100 жыл;*** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ✓ *Әзілхан Нұршайықовтың туғанына – **100 жыл;***<br>✓ *Роза Бағланованың туғанына **– 100 жыл;***<br>✓ *Талғат Бигелдиновтың туғанына – **150 жыл;***<br>✓ *Сұлтан Бейбарыстың**– 800 жыл;***<br>Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – **құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы** (одан әрі – Бағдарлама).<br><br>Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік  құндылықтарға баулуға бағыттау.<br><br>**2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:**<br><br>✓ ***«Оқуға құштар мектеп»;***<br>✓ ***«Отбасы – орта мектеп»;***<br>✓ ***«Құқықтық сана – қауымға пана»;***<br>✓ ***«Дәстүр мен ғұрып»;***<br>✓ ***«Еңбек – елдіңмұраты»;***<br>✓ ***«Үнем – қоғам қуаты»;***<br>✓ ***«Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»***<br>✓ ***«Психологиялыққөмеккөрсетуженемектептіңтатуластыруқызметтері нұйымдастыру»***<br>✓ ***«Қоғамға қызмет»;***<br>✓ ***«Мектеп өмірінің бір күні»;***<br>✓ ***«Дебат» қозғалысы;***<br>✓ ***Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;***<br>✓ ***«Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;***<br>✓ ***«Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;***<br>✓ ***«Театр сабақтары» жобасы.***<br><br>**Сынып сағаттарының жоспарларын жасау кезінде оқушылардың жеке** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **қажеттіліктері мен мүдделеріне назар аудару керек. Тақырыптық сынып сағаттарын өткізу формалары:**<br>1) нақты тақырыптағы әңгіме,<br>2) пікірталас, диспут, дебаттар,<br>3) рөлдік ойындар,<br>4) тақырыптық дәріс,<br>5) сынып жиналысы,<br>6) байланыс сағаты,<br>7) ойын-саяхат,<br>8) тренингтер,<br>9) конференциялар,<br>10) шеберлік сыныптар,<br>11) театрлық қойылымда<br>**Ата-аналармен жұмыс келесі бағыттарда жүргізіледі:**<br>o Оқушылардың оқу жетістіктерін талдау.<br>o Ата-аналарды сыныптағы эмоционалды климаттың жағдайымен таныстыру.<br>o Мұнда әңгіме тақырыбы білім алушылардың қарым-қатынасы, сыртқы келбеті және басқа да мәселелер болуы мүмкін.<br>o Психологиялық-педагогикалық ағарту.<br>o Ұйымдастыру мәселелерін талқылау (экскурсиялар, сынып кештері және т.б.)<br>**1- бағыт. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**<br>**Мақсаты:** Тұлғаның «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсініп, адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдетғұрыптарына сәйкес келетін рухани- адамгершілік, этикалық ұстанымдарын моральдық қасиеттері мен көзқарастарын қалыптастыру. 1-бағыт «Жаңа қазақстандық патриотизм мен | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бойынша жылдық қорытынды есебі.<br><br>№98 жалпы білім беретін мектептің оқушыларының бойына қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға арналған тәрбие жұмыстарын жүргізу мақсатында патриоттық құндылықтарға саналы оң қарым-қатынасты қалыптастыру, белсенді азаматтық ұстанымды іске асыруға ұмтылуды қалыптастыру, Отанды: Қазақстанның мәдениетін, тарихын, фольклорын, салт-дәстүрлерін сүюге және құрметтеуге тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді білуді насихаттау, елдің жетістіктері үшін жауапкершілік пен мақтаныш сезімін дамыту үшін жүйелі түрде жұмыстар жүргізілді.<br><br>2022-2023 оқу жылының алғашқы аптасында «Білім күніне» орайластырылған 5-11 сыныптарда сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарының барысы оқушыларға қазіргі қоғамда өздерін көрсете және өз еліне пайдалы бола алатын, Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін білім алушы-патриот тәрбиелеуге негізделді.<br>Оқушылардың жыл басында жолда жүру ережелерін қатаң бақылауда ұстау, жол жүру тәртібіне баса назар аудару мақсатында «Абайлаңыз балалар!» акциясы ұйымдастырылды. Бұл іс-әрекеттер оқушылардың жол қауіпсіздігін қатаң сақтауға, қоғамдық көлікте жүріп тұру талаптарын үйретуге бағытталды. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br><br>Жаңа оқу жылында оқушылардың мектепке келу, «Мектептің ішкі тәртіп ережесімен» таныстыру бойынша сынып жетекшілері оқушылар мен сабақтан тыс жұмыстар жүргізді.<br>Штабтың кезекті отырысында құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінде, онда | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | бірнеше мәселелер талқыланды. Яғни себепсіз сабақтан қалатын білім алушылардың ата-аналарымен, оқушылармен жұмыс жүргізу. Мәселе бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы директордың ТІЖ орынбасары Г.Ыбышов ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттеріне тоқталды. Кеңес отырысында сабақтан жиі қалатын білім алушыларды дер кезінде анықтап, ата-аналарымен жұмыс жүргізу туралы шешім қабылданды.<br><br>Қазан айының алғашқы аптасында №98 ЖББМ КММ мектепкәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу кеңесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды. Қыркүйек айының алғашқы жартысында оқушылардың сабақтан тыс уақытта немесе кешкі уақытта ата-анасының қарауынсыз көшеге шығу, құқықбұзушылықтың алдын-алу іс-шаралары бойынша мектеп әкімшілігі мен мектеп инспекторының қатысуы мен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында ПБ инспекторлары ӘК жекелеген баптары бойынша, соның ішінде құқықбұзушылық, спирттік ішімдіктер пайдалану, кешкі уақытта ата-анасынсыз көшеде жүру сияқты баптар мен таныстырды. Жоспарға сәйкес, қалалық полиция басқармасы тарапынан «Балалардың жол қауіпсіздігі», «Жасөспірім», «Абайлаңыз балалар», «Түнгі қаладағы балалар» атауымен түнгі рейдтік іс-шаралары тұрақты түрде өткізілуде. Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | |  | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br>Қазан айының екінші аптасында құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің кезекті отырысында «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» ұранымен 2022 жылдың 1-30 қазанға арналған жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілді. Кеңесте акция аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар, жалпы мектепішілік тәртіп мәселесі қаралды. Сонымен қатар, осы жұмыстар аясында Медеу ауданы АПБ қызметкерлерінің қатысуымен оқушылар арасында құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын-алу мәселелері бойынша бір қатар мәселелер талқыланды және түсіндіру жұмыстары жүргізілді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br>Республикан күніне арналған "Менің елім - Қазақстан" атты сынып сағаттары мен іс-шаралар мен сынып сағаттары өтті. Мақсаты : Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br><br>Желтоқсан айында Тәелсіздік мерекесі қарсаңында оқушылардың қатысуы мен сынып сағаттары мен бірқатар іс-шаралар өткізілді. Соның ішінде «Тәуелсіздік – орындалған арман. Қазақстан жолы» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараға барысында еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету болды. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br>Ақпан айында мектеп инспекторының қатысуымен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық фактілерінің жиі орын алуына байланысты мектеп инспекторы арнай сыныптар мен жиналыс ашып, құқықбузышылықтың алыд-алу жөнінде оқушылар мен сұқбаттасты. Сұқбат барысында оқушылар өздерінің мазмалаған сұрақтарын жолдап, қажетті жауаптарын алды. Сонымен қатар, қыздар мен жеке жиналыс өткізу барысында қыздар арасында жиі орын алатын құқықбузышылық фактілеріне тоқтала келіп ерте жыныстық қатынастың салдарынан туындайтын ауыр жағдайларды атап өтті. Сонымен қатар, ерте жүктіліктің алдын-алу шараларын жүргізу бойынша мәселелер талқыланды. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br><br>Наурыз айында өткізілген алдын алу кеңесінің отырысында «Тұлғаны ізгіліктендірудегі отбасының міндеті» туралы, білім алушылардың көктемгі каникул кезінде бос уақытын ұйымдастыру туралы мәселелер талқыланды. Ата-аналарға арналған сауалнамалар жүргізу, қажетті рейдттер ұйымдастыру керектігі айтылды.<br><br>«Мамандық таңдаудағы балалардың қызығушылығының қалыптастыруына отбасының ролі» тақырыбында алдын алу кеңесінің отырысы болып өтті. Отырыста білім алушылардың жұмыспен қамтылуы туралы айтылып, осы орайда отбасылармен жұмыс жүргізу мәселесі қаралды.<br><br>**2-бағыт. «Рухани-адамгершілік тәрбие» бойынша жылдық қорытынды есебі.** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты:** тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін руханиадамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру. 8 "Б" сынып оқушыларымен "Сен өзгерсең, сенің әлемің де өзгереді" тақырыбында семинар сабақ өткізілді.<br><br>Рухани адамгершілік даму бағыты бойынша оқушылар өзінің міндеттерін түсінетін және қабылдайтын, өмірді және өзін, өзінің іс- әрекеттерін рухани-адамгершілік нормалары тұрғысынан дұрыс бағалауға қабілетті толық тұлғаны тәрбиелеу, өзін-өзі, өзінің қабілетін, рухани-адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі дамыту және жетілдіру мүмкіндіктерін тану мақсатында іс-шаралар жоспары құрылды. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br><br>Оқушылар ересектермен бірге келер жылды асыға күтетін кезінде мектеп ұжымының ұйымдастырумен "Төрлет, құтты Жаңа жыл!" атты 1-11 сыныптар аралығында Жаңа жылдық сынып сағаттары мен іс-шаралар өткізілді. Желтоқсанның 29-шы жұлдызында, жоғарғы 9-11 сынып оқушыларына арналған Жаңа жылды қарсы алу би кешін ұйымдастырумен өтті. Кешке қатысушыларды мерекеге сай киінген ер балалар, Жаңа жылдық көңіл-күй тілей отырып қарсы алды. Төменгі 1-4 сыныптар үшін Жаңа жылдық қойылым мен театрландырылған көріністермен жалғасты. 5-6 сынып және 7-8 сынып оқушылар өздерінің Жаңа жылдық кешке дайындаған киімдермен қатысып, өнерлерін ортаға салды. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br><br>Қыз балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу, имандылық-инабаттылыққа, отбасының ертеңгі тірегі ретінде қыз балаларға арналған мектепте «Көктем аруы» байқауы өткізілді. Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әсемдік, әдемілік, іс - қимыл, жүріс - тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіре отырып, олардың өнерлерін, ұшқыр ойларын, іс - әрекетке деген икемділігін анықтап бағалау, одан әрі дамыту. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Байқауға жоғары сыныптың қыз балалары қатысып, өз өнерлерін көрсетті.<br> <br>Жыл сайынғы 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Сыйынар ем ана деген тәңірге» атты іс-шара жоспары бекітілді. «Гүл мереке, күн мереке-8 наурыз!» сынып сағаттары, ата-аналарға арналға мерекелік конерттік бағдарлама өтті. Мақсаты: Жас ұрпақ тәрбиесіне зор еңбек сіңіріп жүрген азаматшаларға құрмет көрсету, еңбектерін елеп – ескеру, мадақтау. Адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Қазіргі қоғамдағы әйел – ананың рөлін айқындай түсу бағытында қыз балаларға рухани тәрбие беру, халқымыздың дәстүрлі құндылықтарын ұғындыру, білімге және өнерге ынталандыру. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br><br>Сонымен қатар «Қош келдің, әз наурыз!» тақырыбында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін, өнерін, мәдениетін насихаттау мақсатында әрбір сыныптарда сынып сағаттары мен мектеп көлемінде іс-шаралар ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Ұлттық дәстүріміз бойынша өтетін Наурыз мерекесінің ерекшелігін, табиғат пен адамнын байланысын, салт-дәстүрін, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақтың әдет-ғұрпын, тіліміз бен дінімізді құрметтеуге, имандылыққа тәрбиелеу. | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>




Сонымен қатар, қыркүйек айында мектеп кітапханасының араласуы мен еліміздің көрнекті ақыны М.Шахановтың 80 жылдық мерейтойы аясында мектебімізде ақынмен кездесу өткізіліп, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кездесу аясында ақынның өмірбаяны туралы шағын таныстырылым көрсетілді. Одан әрі, ақынның шығармашылығына байланысты оқушылар өздері дайындап келген өлең жырларын оқыды. Сонымен қатар, ақынның өзі қонаққәде ретінде бірнеше жыр шумақтарын оқып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Жаңа өсіп келе жатқан ұрпақтар үшін бұндай кездесулердің маңызы зор болмақ, себебі ұлттық құндылықтарды дәріптеу және насихаттау, жасөспірімдердің бойына сіңіру барысында жазба әдебиетімен мәдениетінің орны ерекше екендігі баяндалады.
</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | |  <br>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес  БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. «Оқуға құштар мектеп» жобасыны аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге асырылады. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің інжу маржандары, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енгізілді.<br>2022-2023 оқу жылында әр тоқсан сайын келетін каникулда оқушылар арасында кітап оқу, оқыған кітаптар бойынша челенджер мен буктрейлер өткізіліп, нәтижесі мектеп сайты мен әлеуметтік желілерде жарияланып отырды. | | |